

«BCC Invest» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 ж. «31» желтоқсандағы
№ 12/31 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қоры мен
инвестициялық портфельді
басқарушы арасында
жасалған 19.02.2021 жылғы
№ 17/11/19-02-21
зейнетақы активтерін
сенімгерлік басқару туралы
шарттың үлгі нысанына
қосымша

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық декларация

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық декларация (бұдан әрі – Декларация) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңында белгіленген талаптарға, Қазақстан Республикасының 20.04.2023ж. № 224-VІІ ҚРЗ Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 03 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларына; Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің аең аз мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларына, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капитал есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдеріне және Қазақстан Республикасының сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Басқарушының қызметін регламенттейтін Басқарушының ішкі нормативтік құжаттарына; Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 62 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыға қойылатын талаптарға, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес әзірленді.

1.2. Декларация инвестициялау объектілерінің тізбесін, сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегиясын, шарттары мен шектеулерін, сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртарапандыру шарттарын айқындайды.

1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, сондай-ақ Тараптардың бастамасы мен келісімі бойынша Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1.4. Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі бойынша осы Декларация ажырамас бөлігі болып табылатын Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы енгізіледі.

1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу салдарынан осы Декларацияның бір немесе бірнеше ережелерінің жарамсыздығы оның қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келетін Декларацияның ережелері жарамсыз болып саналады. Бұл жағдайда Басқарушы заңнаманың нормаларын басшылыққа алады. Басқарушы Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін осы Декларацияда аталған күші жойылған заңнамалық актілердің орнына қабылданған заңнамалық актілерді басшылыққа алады.

II. Терминдер мен анықтамалар

Декларацияның мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 03 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында келтірілген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

III. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиялары

3.1. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттары – сенімгерлік басқаруға берілген және

қабылданған зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы жинақтары салымшыларының (алушыларының) мүддесіне сай инвестициялық кіріс алу.

3.2. Зейнетақы активтері зейнетақы жинақтары салымшыларының (алушылардың) мүддесіне сай инвестицияланады.

3.3. Зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясы ұзақмерзімді болашақта активтердің әртүрлі класын оңтайлы үйлестіру, географиялық және салалық әртарапандыру және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану есебінен зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жоғары ықтималдық дәрежесімен қабылданатын тәуекел деңгейі кезінде күн өсімінен, пайыздық кірістен табыс алу және қайта инвестициялау арқылы нақты кірістілік алуға бағытталған. Бұл ретте Инвестициялық портфельді басқарушы инвестициялық портфель салымшылардың зейнетке шығу мерзіміне қарамастан, зейнетақы салымдарынан тұратын және 12 (он екі) айдың қорытындысы бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәні болатын өлшем бойынша зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарады.

3.4. Инвестициялық портфельді басқарушы инвестициялық портфель үшін инвестициялық декларация әзірлейді, онда композиттік индекс негізінде инвестициялаудың өзінің стратегиясын айқындайды, оның параметрлері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің аең аз мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларына, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капитал есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес айқындалады және мынадай құрылымды білдіреді:

Композиттік индекстің номиналдық кірістілік коэффициенті апта сайын теңгемен композиттік индекстің кірістілігі ретінде есептеледі. Бұл ретте Кі (12) инвестициялық портфелінің композиттік индексінің құрамы мынадай: KASE индексінің 10 (он) пайызы, KZGB_DPs индексінің 60 (алпыс) пайызы, MSCI ACWI Index (MXWD Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексінің 10 (он) пайызы, Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD (LEGATRUH Index) (Блумберг Глобал-Агригейт Тотал Ретен Индекс Валю Хэджед ЮСД) индексінің 20 (жиырма) пайызы.

IV. Инвестициялау объектілерінің тізбесі, инвестициялау лимиттері, мәміле түрлері, инвестициялық қызметке қатысты шарттар мен шектеулер

4.1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген инвестициялау объектілерінің тізбесіне сәйкес осы Декларацияда айқындалған қаржы құралдарына инвестицияланады.

4.2. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері мынадай инвестициялау объектілеріне инвестицияланады:

1-кесте. Тиісті инвестициялаудың ең көп лимиттері бар инвестициялау объектілерінің тізбесі

№	Инвестициялау объектілерінің атауы	Инвестициялаудың ең көп лимиті, зейнетақы активтерінің құнынан, пайызбен
1	Ұлттық валютадағы ақша қаражаты – теңге (KZT)	100
2	Орталық контрагенттің қатысуымен «автоматты түрде» тәсілімен жасалған кері репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар	100
3	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB» деңгейінен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетелдік валютасы	көп дегенде 60
4	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған) бағалы қағаздары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен және (немесе) кепілгерлігімен шығарылған бағалы қағаздар	100
5	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	100

6	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	25
7	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстанның Даму Банкі», «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	50
8	Мынадай шарттардың біріне сәйкес келген кезде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: банктердің Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «ВВ-» деңгейінен төмен емес ұзақмерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poor's» (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша «k/A-» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы бар; банктер Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-» деңгейінен төмен емес ұзақмерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар бейрезидент бас банктің еншілес резидент банктері болып табылады	50
9	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-» деңгейінен төмен емес ұзақмерзімді рейтингі бар немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бейрезидент банктердегі салымдар	25
10	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «ВВ+» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар келесі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: Азия даму банкі (the Asian Development Bank); Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank); Африка даму банкі (the African Development Bank); Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); Еуропа Кеңесінің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank); Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association); Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation); сондай-ақ жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесі кемінде 25%-ды құрайтын халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздар	50

11	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB +» - деңгейінен төмен емес егемендік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50
12	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетел эмитенттерінің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар	50
13	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік емес эмитенттерінің қор биржасындағы инвесторлардың кең ауқымы арасында жария ұсыныс (сату) аясында орналастырылған (орналастырылатын) акциялары және (немесе) осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» алаңының «акциялар» секторының «премиум» санатының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттар; негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін заңды тұлғалардың акциялары; Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B+» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша «kzBBB» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар; бұрын шығарылған бағалы қағаздарға не осы эмитенттің өзге де міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитенттің міндеттемелерін	50
14	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сай шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері санатына жатқызылған субъектілер шығарған, қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» не «Баламалы» алаңының «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілген және сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабатын «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының және (немесе) «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының кепілдігі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	50

15	Morningstar (Морнингстар) рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары; Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары	50
16	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын Басқарушы компаниясы бар, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және қор биржасының ресми тізімінің «Аралас» алаңының «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторының талаптарына сәйкес келетін интервалдық инвестициялық пай қорларының пайлары.	25
17	Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің «AA» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі он екі айдан аспайтын мерзімге ашылған металл депозиттері	25
18	Базалық активі осы қосымшаға сәйкес зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын хеджирлеу мақсатында жасалған мынадай туынды қаржы құралдары: опцион; фьючерс; форвард; своп; жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының комбинациясын білдіретін туынды қаржы құралдары	хеджирлеу мәні болып табылатын базалық активтерге лимит шегінде
19	MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексінің талаптарына сәйкес келетін және MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд индексі) индексіне кіретін акциялар	25
20	Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексінің талаптарына сәйкес келетін және Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексіне кіретін, Moody's, S&P және Fitch агенттіктерінің рейтингтік шкаласынан Baa3/BBB-/BBB- деңгейлерінің төмен емес рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар	25
21	Активтерінің құрылымы MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексінің құрауыштарының құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу осы индекстердің компоненттеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары	25

4.3. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері құнынан 10 (он) пайыздан аспауға тиіс.

Үлестес тұлғалар бір-біріне қатысты шығарған (ұсынған) инвестициялардың жиынтық мөлшері бөлігінде Декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі үлестес тұлғалар бір-біріне қатысты шығарған (берген) қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

Декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес ұйымдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар мен қаржы құралдарына, сондай-ақ орталық контрагенттің қатысуымен жасалған «кері репо» операциясының мәні болып табылатын

қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар активтерінің құрылымы MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индекстерінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу осы индекстерге байланыстырылған Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайларына қатысты қолданылмайды.

Зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың осы зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарды қоса алғанда, шетел валютасында номиналданған қаржы құралдарына жиынтық мөлшері сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері құнынан 60 (алпыс) пайыздан кем болады.

Инвестициялық портфельдің тәуекел көрсеткіші (стандартты ауытқу) композиттік индекстің тәуекел көрсеткішінен (стандартты ауытқу) қатарынан 12 (он екі) айдың ішінде 1,2 (бір бүтін оннан екі) еседен артық аспайды және есептік кезеңнен кейінгі айдың бірінші күні ай сайын есептеледі.

4.4. Зейнетақы активтерінің есебінен эмитенттің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялардың жиынтық мөлшері эмитенттің осы шығарылымының орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы санынан 50 (елу) пайыздан кем болады.

4.5. Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған акцияларға, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларға зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайыздан кем болады.

4.6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы және инвестициялық портфельді басқарушылардың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерге сәйкес осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайыздан асқан жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтері есебінен Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған акцияларды, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларды сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

4.7. Қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына зейнетақы активтері инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

4.8. Инвестициялау объектілерінің түрлері бойынша (қаржы құралдарының түрлері бойынша) инвестициялау лимиттерін Инвестициялық комитет осы Декларацияда белгіленген ең көп лимиттер шегінде белгілейді.

4.9. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің есебінен жасалатын мәмілелер Инвестициялық комитет қабылдайтын инвестициялық шешімдердің негізінде жасалады.

4.10. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің есебінен жасалатын мәміле түрлері:

- ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарын сатып алу/сату;
- ұйымдастырылмаған нарықта қаржы құралдарын сатып алу/сату;
- бағалы қағаздарды аудару және айырбастау;
- шетел валютасын сатып алу/сату;
- қаражатты ақша нарығында «кері РЕПО» операциялары арқылы «автоматты түрде» тәсілімен, орталық контрагенттің қызметін қолданып, күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге орналастыру;
- банктердегі салымдардан ақша қаражатын орналастыру және алу;
- хеджирлеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелер.

4.11. Қайталама нарықта бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен мәмілелер, мынадай жағдайларды қоспағанда, қор биржасында ғана жасалады:

- 1) эмитенттің инвестициялық портфельдегі облигацияларды акцияларға айырбастауы;
- 2) артықшылық берілген сатып алу құқығын іске асыру;
- 3) эмитенттің инвестициялық портфельдегі акцияларды сатып алу талаптары;
- 4) қор биржасы делистингке ұшыратқан бағалы қағаздарды өткізу;
- 5) эмитенттің бағалы қағаздарды және өзге де міндеттемелерін эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарған осы эмитенттің басқа бағалы қағаздарына айырбастау;
- 6) қор биржасы мәміле жасасу кезінде сауда-саттықты ашылмаған бағалы қағаздарды өткізу;
- 7) эмитенттің меншікті бағалы қағаздарын сатып алуы;
- 8) халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында сатылатын Қазақстан Республикасының резидент эмитенттері және Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттері шығарған (ұсынған), халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында қаржы құралдарын сатып алу-сату бойынша мәмілелер жасау;
- 9) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында мәмілелер жасау;
- 10) Декларацияның 4.14. және 4.15-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау.

4.12. Бағалы қағаздарды бастапқы орналастырған кезде оларды сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, қор биржасында жасалатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.

4.13. Қор биржасында сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің есебінен «кері репо» операциялары орталық контрагенттің қызметін қолданып, күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге «автоматты түрде» тәсілімен жүргізіледі.

4.14. Зейнетақы активтері есебінен мәмілелер бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысулар «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша шетелдік есеп айырысу ұйымы арқылы жүзеге асырылған кезде жасалады, мұнда тараптың қаржы құралдарын жеткізу бойынша міндеттемелерді орындауы өзге қаржы құралдарын алу бойынша немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып оның қарсы талаптарын орындаусыз мүмкін емес.

4.15. Егер туынды қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтерінің құрамына кіретін және осы Декларацияның 1-кестесінің талаптарына сәйкес келген жағдайда, сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер хеджирлеу мақсатында ғана жасалады.

4.16. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі депозиттерге (салымдарға) орналастыру мерзімі 36 (отыз алты) айдан, шетелдік банктерде 12 (он екі) айдан аспайды.

4.17. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер мыналармен жасалмайды:

- 1) инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғалары;
- 2) осы инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлеріне қатысты инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқарушылар;
- 3) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлері шығарған акцияларды және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлерінің жарғылық капиталына қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушылар;
- 4) Декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғалары.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің нормалары ұйымдасқан нарықта ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерге, сондай-ақ Декларацияның 4.11-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) үлестік қаржы құралдарын, көрсетілген үлестік қаржы құралдарына айырбасталатын борыштық қаржы құралдарын, сондай-ақ KASE индексіне енгізілген үлестік қаржы құралдарын қоспағанда, құрылымдық өнімдерді Басқарушы сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

Декларацияның осы тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген құрылымдық өнімдер деп шығарылу шарттарында негізгі борыш сомасының және (немесе) осы қаржы құралдары бойынша сыйақының төленуі оларды шығару шарттарында айқындалған көрсеткіштерге қол жеткізуге және (немесе) белгілі бір оқиғалардың басталуына тәуелді болатын қаржы құралдары түсініледі.

4.18. Ашық валюталық позиция және шығынның жол берілетін ең көп мөлшері бойынша ең көп лимиттер:

№	Атауы	Ең көп лимит, зейнетақы активтерінің құнынан, пайызбен
1	Ашық валюта позициясының ең жоғары үлесі	60%-дан кем
2	Бүкіл портфель бойынша шығынның жол берілетін ең көп мөлшері	30%

V. Қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары

5.1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің портфелін жасақтаған кезде жасалатын инвестициялар қаржы құралдарының түрлері, бағалы қағаздардың түрлері, валюта түрлері, географиялық және салалық белгілері және басқа да өлшемдер бойынша әртараптандырылады.

5.2. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінде және осы Декларацияда көзделген тәртіппен тәуекелдерді сақтандыру (хеджирлеу) мақсатында ғана Басқарушының хеджирлеу құралдарын пайдалануына жол беріледі.

5.3. Басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған активтерді хеджирлеудің және әртараптандырудың кез келген нысанын пайдаланады.

5.4. Басқарушы хеджирлеу құралдарын экономикалық орындылығы болған кезде пайдаланады.

5.5. Хеджирлеу мақсатында Басқарушы мынадай туынды қаржы құралдарына инвестиция жасай алады:

- опцион – оған сәйкес бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта келісілген жағдайларда пәтуаласқан баға бойынша базалық актив сатып алу немесе сату

құқығын сататын туынды қаржы құралы. Опционды сатушы өзіне міндеттемелер алады, ал сатып алушы құқыққа ие болады;

- своп – оған сәйкес тараптар келісілген шарттармен базалық активтер немесе болашақтағы базалық активтер бойынша төлемдерді айырбастау жөнінде пәтуаласатын туынды қаржы құралы;

- форвард – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттарда базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын туынды қаржы құралы;

- фьючерс – сатып алушы (немесе сатушы) ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін туынды қаржы құралы.

VI. Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестиция салуға байланысты тәуекелдердің сипаттамасы

6.1 Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін қаржы құралдарына инвестициялау мынадай тәуекелдерді қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін белгілі бір тәуекелдерге байланысты:

- саяси жағдайдың өзгеруі, экспроприация, мемлекет меншігіне алу, ерекше мемлекеттік мүдделердің саласы болып табылатын экономиканың салаларына инвестицияларды шектеуге бағытталған саясат жүргізу мүмкіндігіне, сондай-ақ энергия ресурстарына бағаның құлдырауына және басқа да мән-жайларға байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;

- көптеген қаржы институттарының өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіздігіне байланысты жүйелік тәуекелдер;

- валюта бағамының, пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуына байланысты нарықтық тәуекелдер, қаржы құралдарына бағаның өзгеруіне байланысты шығын шегу тәуекелдері;

- бағалы қағаздардың эмитенттері мен мәмілелер бойынша контрагенттердің тарапынан қабылданған міндеттемелерді орындамау ықтималдығына байланысты кредиттік тәуекелдер;

- активтерді қолайлы бағамен сатудың ықтимал мүмкін еместігіне байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі;

- қолданыстағы заңнаманың өзгеруіне, сондай-ақ қор нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің шикілігіне байланысты тәуекелдер;

- табиғи апаттар мен әскери іс-қимылдар сияқты форс-мажор жағдайларының басталу тәуекелдері.

VII. Шығын мен сыйақы

7.1. Басқарушыға комиссиялық сыйақы зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартта айқындалған тәртіппен төленеді.

7.2. Кастодианға комиссиялық сыйақы үшжақты кастодиандық шартта айқындалған тәртіппен төленеді.

7.3. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты шығын Басқарушыға берілген зейнетақы активтерінің есебінен өтеледі.